

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне теміржол жолаушылар көлігі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2016 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2016 жылғы 23 маусымдағы № 52-ө өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне теміржол жолаушылар көлігі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2016 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық және құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары:

1) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық және құқықтық актілерді қабылдасын ;

2) қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

*Премьер-Министр*

*К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
2016 жылғы 23 маусымдағы  
№ 52-ө өкімімен  
бекітілген

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне теміржол жолаушылар көлігі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2016 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық және құқықтық актілердің тізбесі**

Р/с №	Нормативтік құқықтық және құқықтық актінің атауы	Акт нысаны	Орындалуына жауапты мемлекеттік орган	Орындау мерзімі	Нормативтік құқықтық және құқықтық актілердің сапасына, оларды әзірлеудің уақтылылығына және енгізуге жауапты адам
1	2	3	4	5	6

1.	Әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушыларды тасымалдаушылар мен операторлардың вагондарды (контейнерлерді) сатып алуын кредиттеуге және олардың қаржыландыру лизингіне сыйақының мөлшерлемесін субсидиялау қағидасын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің бұйрығы	ИДМ ҰЭМ Қаржымині	2016 жылғы маусым	Ж.М. Қасымбек
2.	Әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушыларды тасымалдаушылар мен операторлардың вагондарды (контейнерлерді) сатып алуын кредиттеуге және олардың қаржыландыру лизингіне сыйақының мөлшерлемесін субсидиялаудың үлгілік шартын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің бұйрығы	ИДМ	2016 жылғы маусым	Ж.М. Қасымбек
3.	Жолаушылар поездарына тексеру тағайындау туралы актісін есепке алу журналын жүргізу және нысанын бекіту туралы қағидалары	Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің бұйрығы	ИДМ	2016 жылғы маусым	Ж.М. Қасымбек
4.	Әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыруға байланысты тасымалдаушының шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялауға арналған үлгі шартын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің бұйрығы	ИДМ	2016 жылғы тамыз	Ж.М. Қасымбек
5.	"Магистральдық теміржол желісін пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 366 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің бұйрығы	ИДМ ҰЭМ	2016 жылғы маусым	Ж.М. Қасымбек
6.	"Қазақстан Республикасында теміржол көлігінде жол жүру құжаттарын (билеттерді) сатуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 503 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің бұйрығы	ИДМ ҰЭМ	2016 жылғы маусым	Ж.М. Қасымбек
7.	"Қазақстан Республикасында теміржол көлігінде жол жүру құжаттарын (билеттерді) сатуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 23 қыркүйектегі № 742 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің бұйрығы	ИДМ	2016 жылғы маусым	Ж.М. Қасымбек
	"Шығындары бюджет қаражаты есебінен субсидиялануға жататын әлеуметтік маңызы бар облысаралық қатынастар бойынша теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге				

8.	асыратын тасымалдаушыларды айқындау бойынша ашық тендер негізінде конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2014 жылғы 30 қазандағы № 113 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің бұйрығы	ИДМ	2016 жылғы маусым	Ж.М. Қасымбек
9.	"Тасымалдаушының әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыруына байланысты шығындарын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 166 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің бұйрығы	ИДМ ҰЭМ Қаржымині	2016 жылғы тамыз	Ж.М. Қасымбек
10.	"Әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушылардың шығындарын субсидиялау көлемдерін айқындау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 167 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің бұйрығы	ИДМ ҰЭМ Қаржымині	2016 жылғы тамыз	Ж.М. Қасымбек
11.	"Әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша көрсетілетін жолаушылар тасымалы қызметтеріне бағаларды айқындау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 186 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің бұйрығы	ИДМ ҰЭМ Қаржымині	2016 жылғы маусым	Ж.М. Қасымбек
12.	"Республикалық бюджет комиссиясының отырысына материалдарды дайындау қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 391 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығы	Қаржымині	2016 жылғы тамыз	Т.М. Савельева
13.	"Магистральдық темір жол желісінің және концессия шарттары бойынша темір жол көлігінің объектілері бар темір жолдардың реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тарифтеріне (бағаларына, алым ставкаларына) уақытша төмендету коэффициенттерін бекіту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 31 шілдедегі № 580 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығы	ҰЭМ АШМ ИДМ ЭМ	2016 жылғы маусым	А.Ә. Әріпханов

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі;

ИДМ - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі;

Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі;

ҰЭМ - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі;

ЭМ - Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК